

# АҚТОҒАЙ АЖАРЫ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№38 (7927)

Жұма

15 қыркүйек  
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан  
shyğady

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



## Басты мақсат – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту

ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында жариялаған Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы елдегі саяси реформаларды жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажетін айтты.

– Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Нақтырақ айтсақ, елдің жана экономикалық дамуының үш тұғыры – әділеттілік, инклюзивтілік, прагматизм. Бұл ретте алдағы міндет – отандық өндірушілер мен кадрларды тарту, ішкі туризмді дамыту және өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру арқылы еліміздің берік индустриялық негізін қалыптастыру. Бұл шаралардың барлығы қаржының Қазақстанда қалуына, шикізаттан жоғары технологиялық өнімге дейін

тереңдеуге ықпал етеді. Елдегі жұмыс орындарының санын арттырады.

Президент Жолдауындағы бастамалардың барлығы көкейге қонымды. Мемлекет пен ондағы тұрғындар үшін маңызды мәселелер көтерді. Елдің болашаққа деген

қадамын айқындайтын әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты ерекшеліктерге кеңірек тоқталды.

Президент талап еткен мәселенің бірі – білім беру мекемелерінде психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту, сенім телефондарын ұйымдастыру, сондай-ақ түрлі қысымға ұшыраған балаларға көмек көрсету үшін тиісті бағдарлама әзірлеуді тапсырды.

Қашанда білім мен парасаттылық салтанат құрған қоғам өзінің озық мемлекеттік қабілетін сақтап қалады. Президенттің: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» дегені де тиісті салалық министрлік үшін өткір проблемалардың бірі болып тұр.

Расымен де, Жолдауда айтылған әрбір мәселенің салдары мен себебі тәптіштеп айтылып, шешілу жолдары қарастырылғаны бізді қуантты.

**Н.Медәубек,**  
**ауданның экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары.**

### \*Мереке мерейі

## Сала үздіктері марапат төрінде

Облыстың бас сақшысы Санжар Әділов жұмыс сапарымен Ақтоғай ауданында болды. Қарағанды облыстық полиция департаментінің бастығы алдымен аудандық полиция бөлімінің жұмыс барысымен танысып, өңірдегі қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бойынша атқарылып жатқан жұмыстардан мағлұмат алды. Жұмыс сапары барысында полиция генерал-майоры Санжар Әскенұлы Мәдениет үйінде аудандық полиция бөлімінің жеке құрамы және ардагерлерімен кездесіп, Ішкі істер министрлігі тарапынан полицияның алдына қойған міндеттерді жеткізді.

– Президент өз Жолдауында Жаңа, Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаттарын айқындады. Саяси ерік-жігер мен қоғамның өзгеруі сәйкес келгенде «мүмкіндіктер терезесі» ашылды. Бұл ретте полиция шетте қалмайтыны анық. Өйткені полиция қызметкерлері күн сайын халықпен байланыста. Бұл тек әкімшілік және қылмыстық заңнамаға қатысты емес. Мұнда халыққа кеңес беру, қызмет көрсету және көмектесудің басқа да сұрақтары бар. Сондықтан, қоғаммен байланысты жақсартып, халықпен серіктестік қатынастарды дамыту қажет. Бұл жұмыс сервистік модельге ауысудың аясында басталды. Сервистік полицияның мәні – полицияға жүгінген әрбір адамға заңды, уақтылы, жан-жақты ақпараттандырылған, сыпайы әрі сапалы қызмет көрсетудің кепілі

деген сөз, – деген С.Әскенұлы тәртіп сақшыларының жұмысына қарапайым халықтың берер бағасы полицияның маңызды ұйымдастырушылық критерийіне айналуы керектігін тілге тиек етті.

Жиында сөз алған аудан әкімі Р.Кенжебеков: – Полиция қызметі бұл өте жауапты, қызығы мен қиындығы қатар жүретін абыройлы да мәртебелі мамандық. Құқық қорғау саласы мамандары күн-түн демей, кірпік ілмей осы елдің тұрақтылығы үшін, заңдылықтың сақталуы үшін қызмет етіп жүр. Орайы келгенде осында отырған жеке құрамға, зейнетке шықса да жастарға жол көрсетіп келе жатқан ардагерлерге алғысымды білдіремін, – деп сала ардагерлері мен өңірдің дамуына үлес қосып жүрген бір топ ПБ қызметкерлерін аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапаттады.

Жеке құрам және ардагерлермен кездесуде департамент бастығы қызметінде үздік нәтижелерге қол жеткізген тәртіп сақшыларын, сындарлы жылдар бойы ішкі істер саласында еңбек еткен ардагерлердің омырауына «Қазақстан полициясына – 30 жыл» төсбелгісін тақты. Сондай-ақ, «Қазақстан полициясына – 30 жыл» төсбелгісі аудан әкімі Р.Кенжебеков, Шабанбай би, Нүркен ауылдық округінің әкімі А.Мұрасов және Ж.Құдайбергеновке табысталды.

**Думан ҚАБЫЛ.**

## Шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын беруді ұсынды.

«Аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл – ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет. Бұдан бөлек, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыру керек. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпіліс әкелмек», – деді Президент.

Бұл – аудан әкімдері үшін өзінің басқару жүйесінде мүмкіндік беретін маңызды қадам. Әкімдерге аудан қаражатын жұмсағанда орталық органдардың сан келісімін алудың қажеті жоқ. Оның үстіне, әкім жергілікті мәселелермен жақсы таныс. Мектеп салу керек пе, емхана

салуды керек пе? Ондай шешімдерді қабылдағанда ұзын-сонар келісім жасау тиімсіз. Қаржыны басқаруға келгенде орталықтандырылған жүйеге тәуелді болмайды, яғни, қаржыны басқару құқығын беру аудан әкімдерінің еркін болып, өз бетінше шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді. Бір жағынан бұл құрал аудан әкімдерінің халық алдындағы жауапкершілігін арттыра түседі. Сондай-ақ, жергілікті билік бюджетті қолға алғанда аудандағы барлық кәсіпорындар мен компаниялардың, үлкенді-кішілі кәсіпкерлердің пайдалы жұмыс істеуін қадағалайды. Өйткені бюджеттің негізгі кіріс бөлігі сол кәсіпкерлікте жатыр. Оның үстіне енді салықтың бір бөлігі жергілікті бюджетке түсетін болды. Бұл да бюджеттің сапалы орындалуына ықпал ететін қадам.

Президент отандық өндірушілерді қорғауға көшу, өңдеу өнеркәсібін

қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторлары бастапқы 3 жылда салықтық жеңілдіктер алуы керектігін айтты. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу реформасы мәселесін көтерді. Сала неғұрлым ашық болуы тиіс. Сонымен қатар, ұтымды және есеп беретін механизм үшін жаңа заң дайындалып, мемлекеттік сатып алудың негізгі мәселесі – сапаға емес, төмен бағаға басымдық беру жағдайы жойылуы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау керек екенін де жеткізді. Әсіресе ауыл шаруашылық техниканың тозуы күрделі мәселе екенін атап өтті. Ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін ең алдымен машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы күрделі мәселеге айналғанын, ауыл шаруашылығы техникасының паркін жылына 8-10%-ға жаңарту қажетін айтты.

«Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуға тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы қолға алып отырған саясат халықтың әл-ауқатын арттыруға және баршаға тең мүмкіндік беруге бағытталған, яғни, бұл бастамалар әділеттілік қағидаларының барлық салада жүзеге асуына мүмкіндік жасайтыны сөзсіз.

**Ж.Тілеубеков,**  
**Сарытерек ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.**





«Қазақстан халқына» қоры қоғамды топтастырудың тағы бір құралына айналып, азаматтарда әлжуметтік әділет сезімін нығайта алатынына сенімдімін».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

## «Қазақстан халқына» – халықтың қоры

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылы қаңтарда «Қазақстан халқына» қоғамдық әлжуметтік қоры құрылғаны баршаға аян. Ауқымды мақсаттар мен өршіл міндеттер қойылған қайырымдылық ұйымының қызметі құрылған қор ден-

препараттармен қамтамасыз ету үшін 1,4 млрд. тенге бөлі. Өз кезегінде біз де осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Мәселелерді жергілікті бюджет қаражаты есебінен шешеміз. Қормен онкологиялық қызметті дамыту бойынша бірлескен жоспарлар бар, –



саулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларында халықтың әлжуметтік осал топтарын қолдаудың маңызды міндеттерін шешуге, төтенше жағдайлар мен төтенше жағдайды енгізу кезінде зардап шеккендерге және еліміздің қауіпсіздігін күнделікті қамтамасыз ететін құқық қорғау қызметкерлері мен әскери қызметкерлердің отбастарына қолдау көрсетуге арналған. Кең көлемді міндеттері бар қоғамдық әлжуметтік қайырымдылық қорын құру отандық қайырымдылық саласының тарихы мен тәжірибесінде алғаш рет орын алды десек болады.

Күні кеше облыс орталығына жұмыс сапарымен аталмыш қор басшысының орынбасары Ләззат Шыңғысбаева келіп, кенді өлкенің тынысымен танысып, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті жұртшылық өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізді. Жиынға аудан әкімі Руслан Кенжебеков, қоғамдық ұйым өкілдері, тиісті сала мамандары «Zoom» платформасы арқылы қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысовтың төрағалығымен өткен басқосуда қордың қайырымдылық бастамалары мен Қарағанды облысында іске асырылған жобалары туралы айтылды.

Л.Шыңғысбаеваның айтуынша, өткен жылдан бері Қарағанды облысында 2,1 млрд. тенгеге көмек көрсетіліп, жобалар іске асырылыпты. Ауыр науқастарға қымбат дәрі-дәрмектер, медициналық жабдықтар сатып алынып, тірек және

деді облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов.

Қор облыстық балалар клиникалық ауруханасын жаңа туған нәрестелерді офтальмологиялық скринингке арналған жабдықтармен жабдықтаған.

– Қазіргі таңда қор 17 қайырымдылық бағдарламасы мен жобасын жүзеге асыруда. Әрбір бағдарлама мен жобаның, не атаулы көмек көрсетудің себебі күрделі өмірлік жағдайға негізделген. Қор жұмысын бастаған алғашқы айда рекордтық 30 мыңға жуық өтінім келіп түсті. Бүгінде қорға ай сайын 800-1000 өтінім түседі. Өтініштердің негізгі бөлігі денсаулық сақтау және әлжуметтік қолдау, білім беру және спорт саласындағы сұрақтарға қатысты. Сондықтан, дәл осы бағыттар бойынша қолданыстағы бағдарламалар іске қосылды. Олар бірінші кезекте халықтың әлжуметтік осал топтарындағы балалар мен ересектерді, ерекше балаларды, ауылды жерлердегі балалар мен жастарды қолдауға бағытталған, – дейді Л.Шыңғысбаева.

Жиын барысында аймақ тұрғындары көкейде жүрген сұрақ-сауалдарын қойып, түшымды жауаптарын алды.

Қазақстанның әрбір азаматының жақсы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету үшін үкіметтің, қайырымдылық ұйымдары мен меценаттардың күш-жігерін біріктіруге бағытталған Президенттің маңызды бастамасы қоғамның әлжуметтік ахуалы төмен тобына әжептәуір көмек болары анық.

Думан ҚАБЫЛ.

### \*Аудандық сайлау комиссиясында

## Комиссия отырысы өтті

15 қыркүйек күні аумақтық комиссия төрағасы Ж.Райымбековтің басшылығымен Ақтоғай ауданы әкімінің пилоттық режимде сайлауын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті.

Отырысқа Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі қатысты.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының отырысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының б) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 35 шешімімен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімінің пилоттық режимде сайлауы бойынша сайлау округі – Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына, 113-1-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына және 2-тармағына сәйкес Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 36 шешімімен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімінің пилоттық режимде сайлауы 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалғаны туралы хабарлады.

Сонымен қатар 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімін пилоттық режимде сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді.

Өз тілшімізден.

### \*Құқық заңнамасы

## Электронды сот төрелігі

Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың арасынан өзінің лайықты орнын алып қана қоймай, әлемдік аренада бейбітшілікті қолдайтын ел екенін дәлелдеді. Тәуелсіздіктің арқасында еліміз дамудың қазақстандық жолын қалыптастырды.

Ғылым мен техника қарыштап дамыған қазіргі уақытта өркениетті елдерде қағазбастылықтан арылып, электронды сот өндірісіне көшуде. Бүгінгі заман талабына сәйкес, еліміздің сот жүйесі саласында электронды сот төрелігін дамыту ісіне үлкен мән берілуде. ҚР Сот жүйесін жетілдіру бойынша көптеген реформалар сәтті жүзеге асырылып, нәтижесінде республикамыздың сот жүйесінің жұмысының сапасы уақыт өткен сайын артып келеді.

Еліміздің сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес, үздіксіз жетілдіріліп келеді. Ширек ғасырдан астам уақытта елімізде сот билігі толық қалыптасып, түрлі реформалар жүзеге асты. Соттар заманның заманауи жетістіктеріне қол жеткізді. Республикалық соттарға енгізілген жаңа технологиялар сот ашықтығының кепіліне айналды.

Республикамыздың соттары ақпараттық-сараптамалық жүйені тәжірибеге енгізді. Соттың және сот билігінің беделін нығайту, қоғамда соттың әділдігіне, бейтараптығына және тәуелсіздігіне сенімді орнықтыру және сот төрелігінің жариялылығы мен ашықтық қағидасын іске асыру үшін сот процестерінде аудио-бейнежазба жүйелері қолданылуда.

Ақтоғай аудандық сотында орнатылған аудио-бейнежазба жүйелерінің барлығы талапқа сай, өз дәрежесінде қолданылуда. Аудио-бейнежазба жүйесімен сот жүз пайызға жабдықталған.

Электронды сот төрелігі соттардың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар, сот ісі жүйесін автоматтандыруды жеделдетеді. Соттарда электронды технологияларды қолдану процеске қатысушы азаматтарға қолайлы жағдай жасауды, сонымен қатар, сот актілерінің сапасын көтеру мен істерді қарау мерзімін жылдамдатады және сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуді көздейді.

Заңды және жеке тұлғалар талап арыздарын «Сот кабинеті» сервисінде орна-

ластырылған электронды нысандарды толтыру арқылы беруге мүмкіндігі бар.

Сот кабинеті, бұл – электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналатын, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

Осы сервисінің негізгі ерекшелігі, азамат, оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кенескен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын жолдап, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады.

Әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін Халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет.

Қазіргі таңда біздің сот кабинетін пайдалану соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысал келтіретін болсақ, азамат немесе оның заңды тұлғасы өзінің уақыты мен қаражатын жұмсамай, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Өз кезегінде ол сот жүйесі қызметкерлерінің заңнамалармен байланысын азайтады және сабтайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді.

«Сот кабинеті» веб-нұсқасымен «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасы» қосымшасы жаңалықтар, істерді қарау тізімдері, тапсырылған құжаттар, хабарлаулар, сот процесі қатысушыларының күнтізбесі жіберуді күтуде және чат сервисі үйлестірілген.

Қазіргі уақытта «Сот кабинеті» бағдарламасының мобильдік қосымшасы жұмыс істеуде. Бұл сот жұмысының ашықтығы мен жариялылығын жетілдіреді түседі.

Жұртшылықтың сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Г.Айдарханова,  
Ақтоғай аудандық сот әкімшісінің  
бас маманы.



*\*Тарихқа тағзым*



*ҚР Еңбек сіңірген қызметкері. ҚР Еңбек сіңірген мәдениет және театр қайраткері. ҚР Театр қайраткерлері одағы алқасының мүшесі. Республикадағы Театр қайраткерлері одағы бойынша ауылды жердегі барлық халықтық ұжымдардың менеджері. Өнер мен мәдениет саласын жан-жақты ғылыми зерттеуші монограф. Режиссер. Актер. Суретші декоратор. Ақын. Сазгер. Драматург-жазушы. Сатирик, т.б. көптеген атақтар мен байқаулардың және конкурстардың жеңімпазы. Кейінгі отыз жылда екі рет өткен Республикалық қарттар байқауларының Қарағанды облысы қарттары атынан қатысқан екі дүркін жеңімпаз жүлдегері, сонымен қатар, т.б. атақ иегері.*

**Аманолла Акторғайұлы Шайбеков.**

# «Ерек олжа иесі»

...Солтанғазы – Барақ сұлтанның немересі Бөкей ханның баласы. Бөкей ханның Жал ханымнан туған екі ұлының үлкені. Бөкейханов Смахан төренің жазуы бойынша Солтанғазы 1773 жылы туған...

Енді, мақаланы неге дәл осы арадан бастап отырғанды жеткізу үшін аздаған шегіністермен біздің қазақтың тарихының қазіргі уақыттағы жазбасына шамалы ой жүгіртіп түсінік бере кетейін. Біздің қазақтың қазіргі жазба тарихы деп пайдаланып жүргеніміздің көбісі біздің тарихты талдаумен түсінуге біршама қиындық туғызатын тарих. Оның себебі, біздің тарихымыз көп жағдайда ықтияттан жинақталып жазылмаған, өзіндік жүйелік бағыныштылығы жоқ, ауыз әдебиетінде түрліше айтылуына байланысты оқиғалары біріне-бірінің қабысуы қиын тарау-тарау тарих...

Бір кездері тұлпарының тұяғы жеткен жерге билігін жүргізген ұлы халықтың ата тарихының түп-тамырынан жұлмаланып, өзегінен айырылып жүдеуі, ол сол халықты өткеннен айырып, келешегінен адастыру үшін өзге дұшпан халықтардың өшпенділігі мен жаулығынан. Оған басты бірінші жаулық орыс империясының дұшпандық мақсаты. Орыстар қазақ халқын билеп-төстеу үшін қазақтың төл тарихын жойып, құрастырмалы өтірік тарихпен араластырып жіберіп шатастырды. Қазақ халқына тағы бір тарихи дұшпан қытай императорлары қолдарына түсірген қазақтың жазба тарихтарын олар да мүлдем басқа бағытта қайта жаздыруы. Сонымен қатар орыс та, қытай да нақты дәлелдік құжаттарымызды оңайшылықпен қол жетпейтін құпиялықта ұстап тығуы, немесе жойып жіберуі себеп болды.

Оған қарапайым дәлелдің бірі: 1800-1900 жылдар арасынан әрідегі тарихи оқиғаларымыз бен тарихи тұлғаларымыздың құжатты түрдегі өмір сүрген уақыттары мен атқарған тарихи істерін нақтылап әдейі жазылып сақталмағандықтан немесе өшіріліп тасталып, қисық жазылғандықтан да, дөп басып айта алмаймыз. Ал, 1700-ші жылдардағы мәселелер туралы сөз қозғау, некен-саяқ дәлел болатын басқа елдердің архивтерінде қалып қойып, соған кездесіп қалмасақ дөп басып айту қиындау. Сондықтан да, «Үлкен, арнайы жазбаша сақтаулы тарих» болмағандықтан, айтпақ тарихымызды тұспалдап ауыз әдебиетіндегі аңыздарға сүйеніп айтудан әріге бара алмаймыз.

Бұл айтылып отырған дәлелдер қазақтың ұлттық, елдік болмысын жоғалту үшін жасалған, тысқары жаулардың тарихи үгіт-насихат әрекетіне бір мысал.

Ал, екінші ең сорақы мысал, кейінгі өз көзімізбен көрген отыз жылда қазақ тарихын тапсырма бойынша тарихшыларымыздың қолдан қайтадан жасап, тарихымызға бұрын аты атойлап шықпаған жасанды тарихи тұлғаларды басты тұлғалар есебінде көрсетіп, өзі қажып тұрған тарихымызды одан әрі былықтыруы болды. Ол үшін бол-

маған, істелмеген істер мен әрекеттерді ойдан жабдықтап, сол кейіпкерлерге телді. Мысалы, басқасын айтпай-ақ өздеріңізге белгілі қазақтың үш биі туралы айтсақ. Біздің де ойымыз, тарихшыларымыздың да ойлары ол үш биді бірге жүріп, бірге тұрған тұлғалар ретінде ұғынамыз және суреттейміз. Оның үстіне бәрі Абылай ханға «ақылшы болған» дегіміз келеді, тіптен «дегіміз келген» емес дейміз де. Неге? Өйткені, бәріміз де бабаларымыздың мәртебесінің хан қасындағы батыр, қолбасшы, ақылшы би болып көтерілгенін жақсы көреміз. Бұл біздің қазақтың жүздік, рулық бір-бірімізден артық болып көрініп, нашарларымызға билік жүргізіп, басымдық көрсетсек деген атшаптырым жерден сасық иісі шығып тұратын ашық ши жүгірмес тар тесікті трайбализміміз.

Міне, осындай трайбализмнің арқасында, тарихта болған, ел аузында бар, бірақ, хатқа түсірілмеген, елі мен халқы үшін қанын да, жанын да аямаған бабаларымыз тарих беттерінен мүлдем жойылып, болмаған аңыз кейіпкерге айналады... Ал, мұндай мақсатта жазылған ел тарихы тарихи туыстық, ағайындық теңдіктен кетіп, келешек ұрпақтың ұлттық рухтық патриотизміне үлкен соққы болары даусыз. Өйткені, осы бір арзан ойымыздың тасасынан, басқа да данышпан бабаларымыз бен пір тұтатын баһадүрлеріміздің ханға емес, халыққа сіңірген еңбектері тасада қала береді. Отан дейтін елді, жерді сүйіп, сол үшін нендей қиындыққа төзіп, басын байгеге тігуі үшін, сонау түп-тамырдан келе жатқан ата-бабасының сол жер үшін ерлігі мен аңызы керек. Сонда ғана ол жер отаншыл ұрпақ өсіру үшін ата-бабасынан от жағып, ошақ қойған түгін шығар түңлігі болады. Ал, біз өтірік жасанды тарихпен ондай мақсат сатысымен көтеріле алмаймыз. Бұл сөздердің мақсатын түсінгізіз келсе, мынаған көңіл бөліңізі: жоғарыда айтып отырған әруақты да атақты билеріміз бен батырларымыздың дәрежесін көтеру үшін «тарихнамашыларымыздың» тарих беттеріне еселсіз түсірген өрнектерінің кейбір тұстары нашар суретшінің салған, келесі өрнекпен қабыспайтын оқуы сияқты, ырсынып ашылып тұрады. Мысалы:

1. Әйтеке би 1644-1700 ж.ж. өмір сүрген. Би осы көрсетіліп отырған уақыт аралығында өмір сүрген болса, 1711 жылы туған Абылаймен мүлдем кездеспеген адам. (Үш бидің арасын жуықтандыру үшін кейінгі кіргізген мәліметтерді есептеп қарасақ, кей жерлері оғаштанып тұрады).

2. Төле би 1663-1756 ж.ж. өмір сүрсе, Абылай туғанда 48 жаста болған. Абылай Орта жүзге сұлтан болған кезде 70 жаста екен. 1771 жылы Абылай таққа отырғанда, ол да бұл жаста жоқ-тын.

3. Қазыбек би 1667-1763 ж.ж. Абылай туғанда 44 жаста болып, Орта жүзге сұлтан болғанда 66 жаста екен. Ал, Абылайдың 1771 жылғы ақ кигізіп көтерісуге қатыса алды ма екен? Өйткені, Сабалақ, жауға Абылайлап

ат қойып Қалдан Сереннің күйеубаласы Шарышты өлтірген жеңісінен соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылған. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр (Сабалақ) есімі ұмытылып, Абылай атанады. Бірақ бұл кезде ол әлі Үш жүзге хан болған жоқ, тек жеңісті ерлігінен кейін Орта жүзге сұлтан ғана болды. Ол кез 1731-1733 жылдар мөлшері болатын. Абылай Үш жүзге 1771 жылы хан болып сайланды. Осы қазіргі заманда жазылып жүрген тарихи есеппен алатын болсақ, Абылай Үш жүзге 1771 жылы хан болып таққа отырған. Оны біздің тарихшыларымыздың сипаттауы бойынша «Ақ кигізге» салып көтеріп, таққа отырғызғандар 1771 жылы:

1. Әйтеке би – 127-де;
2. Төле би – 108-де;
3. Қазыбек би – 104-те екен.

Осы есептерге қарағанда үш бидің Абылайды Үш жүздің тағына отырғызып, оған ақыл айтып қасында отыруы ыңғайсыздау ма, жоқ қисынсыздау сияқты ма, қалай? Әрине, бұл

төрелер» деп атайды.

1768 жылы 31 жасында Бөкей әкесі Барақтың тапсыруымен өзінің төлеңгіттерін ертіп, Түркістан аймағынан Орталық Қазақстан жеріне келіп, Арғындар арасына, оның ішінде саны жағынан басым қаракесектерге және төртуылдарға сұлтан болып сайланды.

Түркістан жерінен Орта жүзге келген соң, Бөкей Орта жүз қазақтарының жоңғар басқыншыларына қарсы Сарыарқа жеріндегі шайқастарына да қатысты. Өйткені, сол кезде Еділ бойындағы қалмақтар орыс қысымынан шыдамай, қытай жеріндегі атамекендеріне үдере қашқан көштерін Сарыарқа даласымен алып өтпек болған. Міне, осы кезде Сарыарқа жерімен қашқан ата жаулары қалмақтармен болған қазақ шайқастары тарихта «Шаң жорығы» аталған. Сол шайқастар кезінде қазақтар жағынан ерекше көзге түсіп аты ауызға ілігіп, бірнеше ерліктері мен ерекше жекпе-жектегі беттілігі және батырлығы аңызға айналған ерекше тұлғаның бірі

сұраққа жауапты қазіргі тарих жазушылар білмесе, мен біле қоймаймын. Ал, менің бұл мақаладағы мақсатым Шоқан Уәлихановтың «Батыр Баян» шығармасында жазылған, Қазақ Совет энциклопедиясының 6-томында кіргізілген Аю батырды тарихшылардың тарихи орнына қоюға себепші болу. (Қазақ Совет энциклопедиясында 1950-1960 жылдары жиналған деректер бойынша шын аты Тұрсынбай деп жазылған).

Қазаққа белгілі Орта жүз Қаракесек Түйтенің Сарымынан шыққан қазаққа бірден-бір дара батырлығы үшін «Ерек олжа иесі» аталған және Бөкей хан ордасының соңғы қорғаушысы болған Қожағұл руының Тілеулі атасының Табылдысынан туған Аю батыр туралы оқырмандарға жеткізу. (Кейбір халық ортасында айтылып жүрген тұспалдар бойынша есімі – Тұрсынбай, Алпан деп аталады деген ауызекі сөздер бар. Нақтылық болмаған соң көпшіліктің шешімімен халық ортасында кең таралған өзінің азанды атымен аталмай, аңызды аттарымен аталып кеткен қазақ батырлары сияқты бұл батырды да «Аю баба» деген атымен атап отырмын).

Міне, осы мақсатым үшін сөз басын Барақ сұлтанның немересі Бөкей ханның баласы Солтанғазы төрені сөзге тиек етіп отырмын... XVIII ғ. аяғы, XIX ғ. басында қалың қазақты басқарған екі Бөкей хан болғанын көпшілік біле қоймайды. Олардың біріншісі, Еділ мен Жайық арасындағы аймақты орыс патшасынан қайтарып алған Нұралы ханның ұлы – Бөкей. Ал, екіншісі Сарыарқада Уәлимен қатар билік құрған Барақ ханның ұлы – Бөкей. Біздің ендігі айтарымыз, осы екі Бөкейдің ішіндегі біздің тақырыбымызға тікелей қатысы бар, XX ғасырдың басында қазақтың азаттық көшін бастаған Әлихан Бөкейханның бабасы туралы. Яғни, Сарыарқаның, Қаракесектің Бөкей ханы туралы және оның Қаракесек Қожағұл руынан шыққан атақты Аю батырға қатысы туралы болмақ.

Биыл жазда Бөкей ханның Түркістаннан Сарыарқа жеріне сұлтандық қызметіне келгеніне 255 жыл толады. Міне, көне жалайыр мемлекеті кезінде жалайырлар мекендеген Тоқырауын өзенінің, біздіңше айтсақ, қазіргі Тоқырауын өзені бойында өмір сүрген Бөкейхан тұқымдарын төрелер шежіресі Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханнан шығарады. Сондықтан да, Ақтоғай жерін Жәнібек хан ордасынан өсіп тараған ұрпақтың соңғы тұрағы десе де болады. Ендеше, соңғы тұяғы мекен еткен және осы күнге дейін еліміз деп мекендеп жүрген Тоқырауын жерін, онда да Дайырдың Ақтоғайын Жәнібек ханның «қарашаңырағы» қалған немесе соңғы тұрған жері десек артық болмас. Оның үстіне Орта жүздің соңғы ханы Бөкейдің ұрпағы Ә.Бөкейхановтың туған жеріне тарихи әділдік болатыны сөзсіз. Оған тағы бір себеп, Ақтоғай жерінде өмір сүруші төрелерге Оңдан сұлтаннан бастап өз алдына жеке ақ түсті байрақ белгілеп, ту тіктірген. Сол себепті төрелер шежіресі Барақ пен Көшек ұрпағын «ақ тулы

Қожағұл Аю батыр болыпты. Оған дәлел, сонау 1850 жылдардың көлемінде дүниеге келіп, біздің әкелерімізге 1700 жылдарда өмір сүрген әкелерінен естігенін айтып, олар бізге жеткізген ауызша тарихтары дәлел. Осы арада қазына қариялардан естіген Бәйбек ақынның мына бір ауыз жыр үзіндісін келтіре кетсек артық болмас:

«Болады су тартылса жайлау тақыр,  
Орнатқан дұшпанына заманақыр.  
Қаһары қалың жаудың құтын алған,  
«Ақжолдап» ақырғанда Аю батыр...».

«Шаңды жорықтың» майдан даласындағы бір соғысында жекпе-жекте бет қаратпай тұрған қалмақ батырына сол майдан даласындағы қазақтың батырлары батып қарсы бара алмаса керек. Сонда намыстанған Аю батыр атының айыл-тартпасын тартып, атына ырғып мініп, майдан алаңының ортасына ат ойнатып, «Ақжолдап» ақырып шыға келіпті. Оны Балкүміс деген ақын қыз бір айтыста батырдың сол сәттегі ашу мен айбарын былай сипаттап жырғына қосыпты:

«...Айқайы ашуланған жерді жарды,  
«Жеке» деп қалмақтарға жетіп барды.  
Бұл бетте қарсы келген адам түгіл,  
Бас салып бақыртар ед таудай нарды...  
Қалмақтар шошып үркіп қалды сасып,  
Үрейден аяқтарын «тәнтек» басып.  
Аттары астыдағы дірілдейді,  
Қып-қызыл қан боп кеткен зәрін шашып...».

Сол жолғы қалмақтың «Қарауло» деген атақты батыр, мыңбасымен жекпе-жекке шығып, бір түс соғысып жеңген. Сол ерлігі үшін ең айтулы ерекше батырға ғана беруге белгіленген «Ерек олжа иесі» аталып, «Ерек» алған. Сол ерліктің куәсі ретінде Сарытерек жерінде «Қарағұла» деген тау да бар. Ол таудың аталуы жөнінде тамаша аңыз да бар. Міне, Арқаға көшіп келген Бөкей сұлтан сол жолы Қожағұл Аю батырмен танысып достасты. Бұл таныстықтың арты Қожағұлдар мен «ақ тулы» төрелер арасында етене жақындықты біртін-біртін қалыптастыра бастады...

Бөкей, Қазыбек бидің тәрбиесі мен дәрісін алып, сұлтандыққа баулитын үлгісін оқыған. Қазыбек бидің ел басқару тәрбиесінен өткен. Сондықтан да Бөкей сұлтандықта атқаратын ісін кең ойланатын, алды-артын әріден болжап отыратын, парасаты мол адам болған екен. Бөкейдің Қаракесектерге сұлтан болуы Қазыбек бидің орта жүздегі ерекше сыйы мен беделінің ықпалы болса керек. Бірақ тереннен ойлайтын Бөкей сұлтан Қазыбек даңқымен Қаракесектерге сұлтан болғанымен, оларды билеп төстеу оңайға соқпайтынын жақсы түсінген болатын. Өйткені, кез келген билік түріне өз әмірін жүргізіп, ықпалын өткізіп, сөзін тыңдату үшін билік мақсатын қорғайтын айбары мен мысынан ел ығатын, түсі суық сенімді сүйеніш күш керек. Ал, Бөкей өзіне еріп келген төлеңгіттердің бұл ортада ондай қызметті өз мәнінде толық атқара алмайтынын келген бетте-ақ түсінген.

(Жалғасы 4-бетте).



Өйткені ондай тіршілікке қалың Қаракесек ішіндегі «көкжалдары» ырық бере қоймасы бірден белгілі болды. Бөкей сондықтан да халықпен етене араласуға және өзін қолдайтын негізгі «сұс» басын Қаракесектің өз ішінен болуы керек деп шешті. Өзінің осы мақсатын тиянақтау үшін Қаздауысты Қазыбек ұстазының күйеубаласы, Орта жүздің қолбасы Құлық Жалантөс батырмен кеңескенді жөн көрді. Бөкейдің сұраған кеңесіне Жалантөс: «Қаракесектің Түйтесінен тарайтын, «тура сөздің түп атасы» атанған Майқы бидің ұрпақтары Жалпақ Сарым елінің топ жарған Тоқсан биінің Жиенкелдісінен тарайтын, Қожағұл руының Тілеулі атасының Табылды баласы Аю батыры бар. Оны айтып отырғаным, ойланған ісін ақыл таразысына салар жасқа жеткен, келер-келерді білетін, істеген ісінің ел бірлігіне тигізер пайдасы мен «өттенің» ажырата алатын, қолтығындағы бір рулы елі басын иіп, «лөппай» деп отырған хәм қамқоры, хәм қорғаны. Әзірше бұл ортада оның айтқанына қарсы шығып, «қазық сындырып, желі үзер, темір сауытты» да ешкім білінді деген сөз естіген емеспін. Не істесе де, өз парасатына салып, ақылға жеңдіріп, әділдікке таразылап атқарады. Өзі алып күштің иесі болса да, әлсізге астамшылығы мен күпірлігі жоқ. Халқы ағайынға деген ақ көңілін, қалың қазақтың еліне жайылған дастарханы мен ақ ниетінің жайлауы деп біледі. Білетін ел ағайынға ашуы «Өй, сығырай» деген сөзден аспайды»—дейді...

Ал, дұшпан болмақ болып өз ішінен ат құйрығын кесіскендермен сырттан келген қазаққа деген ниеті арам жат жұртқа, ішіндегі зәһарын шығарып, жолына көлденең тұрып қаһарлана «Қайт, кейін!» - деп ақырғанда қандай дұшпанының өзі түгілі астындағы аты төрт тағандап, дірілдеп жүре алмай қалады деген сөз бар.

Анау-мынау адамың болсын, хайуаның болсын, сол сәттегі батырдың ашуланғандағы алапат қаһарлы даусын естігенде, ішінен қан жүріп кеткенін сезбей қалады деген де сыбыстар естіледі. Сондықтан да, «мен батырмын» деген талай санлақтар оның жолына көлденең тұрмай, аулақ жүргенін дұрыс деп санайтын болса керек.

Осы сөзінен кейін Жалаңтөс батыр Сұлтан ордасы он екі қабат кигіз үйдің қайырмасы көтеріліп тұрған есігінен көрінген, қарсы алдындағы қырларға ойлана қарап, бір сәт үнсіз отырып қалды. Сәлден соң естілер-естілмес тамағын қырнап, ойын бұзған Бөкей сұлтанға қарап, үзілген сөз соның әрі жалғастырды.

— Мәртебелі Сұлтаным, бұл Аю батыр туралы тәптіштеп жеткізіп отырған себебім, менімен кеңес құрғанда сіз бір үйді қорғайтын күзетші емес, бір сұлтандықты қорғайтын батыр іздеп отырсыз ғой деп ойлап отырмын. Оның үстіне, мені әкенің Барақ сұлтан өзіңізге тапсырған, Өз Жәнібек ханның қара-шаңырағын Орта жүз Арғынның ортасына, оның ішінде Қаракесектің ортасына әкеліп тігуші ұрпақтарын, өткені мен кеткенінде есеміз кетті деп ұмытпа алмай жүрген есепшіл ақымақтар мазаламаса деген оймен сөзге тарттыңыз ғой. Заманның ығына қарай сіздің маған Орта жүздің қолбасы деп сенім орта сұрағаныңызды мен де қалдықсыз ақ ниетіммен атқарып жатырмын. Сондықтан да, соңғы айтарым:

— Аю батыр қазақтар «Батыр — бір оқтық, бай — бір жұттық» деген мақалды берік ұстанған мәрт адам. Ал, уәдеге «Уәде — құдай аты. Ердің екі сөйлегені өлгені, еменнің иілгені сынғаны» деген серттің «ақ семсері» атанған адам. Аты елге тарап тұрған әруақты батырмен аралас болғысы келетіндер баршылық. Бірақ батырға көбісінің көлеңке жақтары ұнамайтын болуы керек. Ең бастысы, батыр туралы жұрт арасындағы жыраулар:

«Оқ пен оттан қайтпайтын,  
Бұйдалы сөз айтпайтын,  
Ақырып теңдік сұрайтын.  
Ерегіскен дұшпаны,  
«Сауға — деп, «жанымы» жылайтын.  
Аюға сал қолқанды,  
Төс соғысып толтыр деп,  
Ағайындық ортамды...» — деген сөз айтады

екең. Сондықтан, оны өзіңізге жақын ұстағыңыз келетін ойыңызды Аю батырға білдірсеңіз. Ол да сіздей ел қадірлеген сұлтанның сөзін желге ұшырып, сырт айнала қоймас.

Жалантөстің соншалықты сеніммен айтқан сөзін Бөкей де мақұл санады. Өйткені аласапыранда көрсеткен талай ерліктері мен Аю батырдың мыңға қарсы шығатын жүректілігі және атар оқтан тайсалмайтын өжеттігі туралы әңгімелер Орта жүз, оның ішінде Арғындар арасында түрлі-түрлі аңыздарға айналып бара жатыр еді.

Бөкей сұлтан Аю батырдың ойын бағдарлап, тамырын басып көруге ниет жасап, ордасына арнайы шақыртып, әңгіме дүкен құрды. Бөкей сөз басын тілге тиек болсын деп, баяғы Түркістандағы Қожағұл мен төрелердің арасындағы оқиғаны еске алумен бастады. Әңгіме барысы кезінде Аюдың «мұныменен не айтпақсың?» дегендей кейпіне қарап, Бөкей ашық сөзге бет бұрды. Аюға ойындағы мақсаты түсінікті болу үшін келесі сөз кезегінде сұлтан: «Рысбала апамнан туған жиенсіңдер», — деп бауырмалдық танытып, Сұлтанның өзі іштарта сөйлеген соң, Аю да «қой әрі» деп сырт көрсетпеді. Ыңғайы оң келген соң, әңгіме де бір арнаға түсіп, үдеуге бет алды.

Аю мен Бөкейдің арасындағы болып жатқан әңгіме үстіне Бөкейдің төртінші әйелі Жал ханымның ауылынан сүйіншілеген хабар келді. Сүйіншілеушінің жеткізген хабары Бөкейдің төртінші әйелі Жал ханым аман-есен аяқ-қолын бауырына алып, маңдайы торсықтай ұл туыпты. Келуші асыға-үсіге осы хабарды жеткізді.

Бөкей ішкі қуанышын сұлтандық сабырмен сақтап, Аю батырға қарады да:

— Ал, жиен батыр, бұл қуанышты хабарды «Сұлтанның жиені келсе, ханымы ұл туады» дейміз бе, қалай? — деп, мақалдың жүйесін өзгертіп айтып жымиды. Аю батырға терең ойлы көзімен үніле қарап, «не дейсің?» дегендей, басын изеді де мырс етіп, елеусіз ғана жымиды. Аю батыр да сөздің емеуірін түсініп, сұлтанның көзқарасындағы ойынан жеңілмес үшін:

— «Қазанның еркі бар...» деген. «Хан жиенім десе, қараша қашып жымиды ма?». Сұлтан ойына қарсылық жоқ, тек «бала кіндігін кім кессе, соған тартады» деуші еді. Нағашымыздың кіндігін мен кесті десін, — деді де, сүйінші сұраушы жігітке қарап:

— Қынынан әлі шығып үлгермеген кездігімді берейін. Кездікті кіндігін кескен адамға бер де, мен «кіндік кескен жолынды сұрады де». Ал, өзін сүйіншіне қанжығамдағы түлкіні ал, тымас тіктіріп киерсің. Осы сөзден кейін күліп, Бөкей Сұлтанға қарап:

— Оның үстіне, нағашым, екеуіміздің алғаш бас қосқан кеңесімізге сүйінші әкелген тымасқы азаматты ауылынан жаяу қайтармас, — деді. Аюдың сөзіне Бөкей сұлтан да басын шайқап қойып, сырттағы жігіттеріне даусын көтере:

— Сүйіншісіне ат беріндер, — деп дауыстады. Көп олжаға кездескен сүйінші сұраған жігіт есі шыға алғысын айтып, есікке қарай артымен шегініп бара жатыр еді, Бөкей қолын көтеріп, тоқта деген белгі берді де, Аюға қарап:

— Атын да өзін айтып жібер, — деді. Аю да тоқтамастан аузына түскен бірінші атты айтты:

— Сұлтанғазы!

Аюдың қойған атын естігенде Бөкей күліп жіберіп, Аюға:

— Ойпыр-ай, екі адам бірдей бір ойлық болады екен-ау, ә... Менің де аузыма осы есім түсіп отыр еді, — деп, сүйінші сұраушыға қарап:

— Азан шақырып атын қойғанда бір батыр мен бір сұлтан қабат атаған «Сұлтанғазы» деген атын атасын деп айтты де. Жігіт: «Лөппай, тақсыр», — деп үйден шығып кетті.

Бұл оқиға 1773 жылы болып еді. Осы жолы 13 болыс елдің ортасына тігілген Барақ ханның сарайының шаңырағының мұрагері Бөкей ордасының тыныштығы мен есендігін Бөкей сұлтан Аю батырға қол алысып, төс қағысып, аманат атап тапсырды. Осы Аю батыр қол алысқан ант пен аманат және қағысқан төс осы уақытқа дейін бұзылған емес. Бұл оқиғадан соң, арада талай тарихи замана жылдары өтті. Әрине, ол жылдарда ірілі-ұсақты түрлі тарихи оқиғалар болып жатты. Оларды бас-басына түсіндіріп тоқтау бұл мақалада мүмкін емес және қажет те емес. Бұл арада басты нысанамыз Аю батырдың тарихи тұлғалығын ашып, тарих сөресіндегі өз орнына қою.

Айтып отырған өткен уақытта Бөкей сол

өзі бастап келген төленгіттерімен Орта жүздің Найманнан шыққан Төртуылы мен Қуандық және Қаракесек руларына сұлтан болып ел биледі. Барақ ұлы Бөкей сұлтанның Орта жүздің орталық-шығыс бөлігінде хан сайлануы туралы Патша жарлығы 1816 жылы шықты.

Ақ патша грамотасында: «Бөкей Барақ хан ұлын Орта Орданың 13 болысына хандық құрметте болуға сайлады. 9 болысты Уәли ханның билігіне бердік», — деп жазған. 1817 жылғы құжаттарда Ресей үкіметі Бөкейді «Хан» дәрежесімен атайды. «Қырғыз-қазақ Ортаңғы Ордасының жоғары дәрежелі ханы Бөкей Барақ хан ұлы» деп жазылған. Орта жүздің Бөкей хандығы Бөкей хан сайланған соң, 3-4 жыл көлемінде ғана билік құрды.

1819 жылы Бөкей қайтыс болды да, Орта жүзде хан билігі тоқтатылды. Бұрынғы хан билігіндегі жерлер бірнеше аймақтарға бөлінді. Бөлшектеген жерлер орыс патшасының әмірімен хан билігінің орнына сайланатын сұлтандар билігіне берілді. Басында сұлтандар билігі төрелерден ғана сайланады деген патша басқы уәдесінде тұрмады. Патша төрелер билігінен де құтылу үшін сұлтандық билікке байлығы бар, елге сөзі өтетін, қабілетті, халықты бір-біріне айдап салып, бөлшектеп әкетіп билей алатын билікшіл, мансапқор, жалпы халық арасындағы өз мансабын ойлайтын ауқаттылардан да сайланатын жасап қойды. Сонымен, орыстың арам пиғылының арқасында Бөкей хандығының, яғни Орта жүз хандығының да, сұлтандығының да билігі пышырап кетті. Жалпы айтқанда, қазақ хандығы құлап, үкіметі жойылды.

Осы сәтте Бөкей хандығының соңғы өкілі Солтанғазы бастаған Бөкейдің бір ұрпағына Аю батырдың өте қажет дәуірі туды. Өйткені, ол уақытта қазіргідей ататын автоматтың, лактыратын гранатаның заманы емес, әлі де болса білектің күші, жүректің түгі әмір жүргізген заман ғой. Оның үстіне орыс патшасының зымиян амалы қазақтың бұрынғы хан, сұлтандарының қадірін қара халықтың қатарына түсіріп тастады.

Осы сәтті пайдаланып, бұрынғы хан, сұлтан ұрпақтарына тістеніп жүргендер тістерінің арасына тұрып қалған еттерін шұқи бастады. Олардың көбісі Кенесары көтерілісі кезінде патшаға жақтас болып, қазақтың бостандығы мен елдігінен орыстың шен-шекпенін жақын көріп, халық сенген намысын сағып кеткенін тарихтан білеміз ғой. Заман ағымына қарай бұрынғы билік пен хандық ықпалдың қауқары төмендегенін сезген Сұлтанғазы енді Аю батыр мен оның соңынан ерген аталастарынан жік айырмай, ұзақ замандарға сыйлас, аралас-құралас ағайын болып өмір сүруге тура келетінін түсінді. Сондықтан да, Аюға көпшілікке берілген барлық еркіндігін ағайындарымен қоса пайдалану құқығын сақтады.

Бұл айтылып отырған сөздің іргесін бекітіп түсіндіріп кету үшін өткенге сәл шегініс жасайын. 1817 жылғы құжаттарда Ресей үкіметі Бөкейді хан дәрежесімен атайды: «Қырғыз-қазақ Ортаңғы Ордасының жоғары дәрежелі ханы Бөкей Барақ хан ұлы» — дейді. Осы құжатқа орай Бөкейге мәртебелі заңды хан есебінде өз билігі, аймағында берген әмірі заңды деп есептелді. Сол кездегі Бөкейдің берген әмірлерінің бірі орданы қорғаушы Аю батырдың руы Қожағұлдарды патша салығынан біржола босатып, өздеріне патша бөліп берген іргелес жерлерден өздерімен аралас отыратындай атаулы жерлер бөліп бергізді. (Бұл жөнінде өлкетанушы, ғалым-зерттеуші Ю.Поповтың басқа ру аттарын атамай, «Бөкейхан мен Қожағұлдың мұрагерлері» деген мақала зерттеуі толық куәлікке жүре алады). Тағы бір құжат бойынша жалпы орыс санағында көрсетілген Бөкей ұрпақтарының тұрақтаған төңіректеріне Қожағұлдың 37 ауылы болған. Ал, орыс санағында №8 Тоқырауын болысында Қожағұлдардың 915 адамы, 164 шаруашылығы, 7850 бас түрлі малдары болды деп көрсетілген. Қожағұлдардың ішінде егін шаруашылығымен де айналысып, жалпы жарты тонна (30 пұт) көлемінде бидай егіп, өнім алғандар да болған.

Осы арада айта кететін көпшіліктің бірі білгісі келіп, бірі бүлдіргісі келіп сұрағысы келетін Аю батыр туралы сұрақтары болады. Соның бірі: «Ол кісі Бөкей хан ордасының

қорғаушысы болғанда, ордада жүріп қандай ерлік жасады?» деген сұрақ. (Өйткені, үнемі тарихпен айналыспайтындарымыз батыр десе үнемі соғыс, қырғында, би десек үнемі дауда, ұрыста отыруы керек деп есептеп, басқа елге, халыққа қызметі жағына көңіл бөлмейміз). Сондықтан да, ондай сұрақтарға жауап төмендегіше беріледі:

Бірінші: Орда күзетін басқару, сол уақытта қатар жүрген батырлар арасындағы тікелей ешкім қарсы шыға алмайтын ең мықтысына атап тапсырылады. Сондықтан да, ондай батыр бақылауындағы хан сарайына тікелей күзет басы келісімі бойынша берілетін хан рұқсатынсыз ешкім кіре алмаған. Хан сарайының тыныштығын, қауіпсіздігін сақтау, кез келген жекпе-жекпен кем бағаланбаған. Өйткені, ол уақытта да хан тыныштығы деген тыныштық, ел, халық тыныштығының негізі болып саналған.

Екінші: Орда күзетіне қатыстылар салықтың барлық түрінен босатылып, өздеріне бекітілген атаулы мекендердің иесі болып саналған. Айтылып отырған сөзге дәлел, Қожағұлдардың иелігінде Поповтың «Бөкейхан және Қожағұл мұрагерлері» деген зерттеу мақаласындағы 37 ел отыратын мекен, жер Аю батырдың аталастарының жер бөлігі болғанын келтірсек те болады. Сондықтан да, орда күзетіне берілген еркіндіктер мен мүмкіндіктерді ханның өзінен басқа (орда билеушісі) ешкім бұзуға құқысы болмаған. Оған дәлелге Тентек Құдайменденің Аю батырмен арадағы ел арасындағы әңгімесін ойға түсірсек те болады.

Үшінші: Орда күзетіндегілерге ашық соғысқа қатысуға рұқсат берілмеген. Соғыс ортасына барса да, негізгі міндеттері орда билігіндегі хан, сұлтантар мен т.б. тақ мұрагерлерін қорғаудан артық қимыл әрекетке араласуға құқысы шектелген.

Төртінші: Орда қорғауында жүргендер ордаға немесе өзіне қауіп туған жағдайда қауіп төндірушіден қорғану әдісінің қандай түрін болсын пайдалануға ерікті деп саналған. Қауіп төнген жағдай кезінде қорғаныс мақсатында қандай да шығын, тіпті, адам шығыны болса да, қорғанушы жазалы деп саналмай, құн төлеуден және басқа да жаза түрінен босатылған.

Осындай хандар заңдылығына міндеттілікте болған соң, Аю батыр бастаған аталастары тысқары жаулар соғыстарына өз бетімен тікелей кірісіп кете алмаған. Тіпті, жан-жақтан және іштен шыққан, сатқын жау көбейіп кетіп соғысқа қатысуға тікелей рұқсат болмағандықтан, Кенесары хан жорықтарына да бел шешіп, бас тігіп араласа алмаған. Оның үстіне қазіргі біздер пір тұтып, аузымыздан суымыз ағып айтып жүрген сол кездегі атағы жер жарған кейбір бай, би-сұлтандарымыз Кенесарыға сатқындық жасап, қолдарынан келсе орыс патшасына шен-шекпен үшін ұстап беруге ынталы болған. Солар Кенесарыға тілеулес пейіл танытқан төрелерді де шен мен шапанға сатпақшылар жағы баршылық болған. Кенесарыны сылтау қылып бұрынғы билікте есесі кеткендер төрелер үшін іштен шыққан қатердің бір ұшы болды. Міне, сондай жағдайда Солтанғазы Аю батырға Бөкей балаларының тыныштығын қатты бақылауда ұстап, қамқор болуды тапсырған.

Қай заманда, қай қоғамда болмасын халыққа басшылық жасайтын билік әрқашанда басқа күштер басымдығын мойындап, қарсы келмейтін ерекше құрылымға даусыз бағынады. Өйткені, оның атқарған қызметі билеушінің атынан орындалады. Міне, осы басқару заңдылығына сай Аю батыр өзін Бөкей сұлтан хан ордасын қорғау ісіне араластырғаннан бастап, қорғаныс қызметін руластарымен мүлтіксіз атқарды. Бұл жолы да солай болуға тиісті болатын.

Оған дәлел, сол уақыттарда Кенесарыға өшіккендер туысқаны Бөкей ордасына жақ ашып, жамандық жасауға «Орда сақтығында Аю батыр бар» — деп, сыртқы да, ішкі де дұшпаны маңынан жүрмек түгілі, олар туралы естіген сөз бен көрген құпиясы туралы басы артық сөз де айта алмаған. Соның әсерінен болар, хандықтың қадірі тайып, сұлтандық көрінгеннің қолында кеткен заманда хан тұқымдарын тұқыртып, бас көтертеуге ынталы болған орыс келімсектері үшті-күйлі жоғалып кетіп отырған. Оларды сырттан келіп сұрағандар болса, оларды алыс бағыттарға





**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында 2023 жылдың 12-қазан күні сағат 15.00-де конкурс өткізіледі. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзгеде
				Егістік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Жер қоры лот №42	Мал шаруашылығы	3604,2280 15 жыл			3600,00	4,2280	6	Қамтамасыз етілмеген	
2	Жер қоры лот №43	Мал шаруашылығы	3063,7150 15 жыл			3061,00	1,50	5	Қамтамасыз етілмеген	
3	Айыртас ауылдық округі лот №82	Мал шаруашылығы	3000,0 15 жыл			2988,300	11,7861	8	Қамтамасыз етілмеген	
4	Жер қоры лот №86	Мал шаруашылығы	2000 15 жыл			1999,4000	0,6000	6	Қамтамасыз етілмеген	
5	Қарабұлақ ауылдық округі лот №89	Мал шаруашылығы	1139,6219 15 жыл			1137,4210	0,0009	7	Қамтамасыз етілмеген	
6	Абай ауылдық округі лот №90	Мал шаруашылығы	2300,0100 15 жыл			2292,7000	0,0100	8	Қамтамасыз етілмеген	
7	Айыртас ауылдық округі лот №92	Мал шаруашылығы	2100,0609 15 жыл			2094,2000	0,0609	9	Қамтамасыз етілмеген	
8	Жер қоры лот №100	Мал шаруашылығы	2000,0200 15 жыл			1976,3000	0,0200	6	Қамтамасыз етілмеген	
9	Айыртас ауылдық округі лот №70	Мал шаруашылығы	2000,6743 15 жыл			1992,2000	0,0100	9	Қамтамасыз етілмеген	
10	Жер қоры лот №75	Мал шаруашылығы	2000,0100 15 жыл			1998,3000	0,0100	7	Қамтамасыз етілмеген	

**ЕСКЕРТПЕ:**

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік

талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, 2023 жылғы 28 қыркүйектен бастап, 2023 жылдың 11 қазанына дейін 10 жұмыс күні аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нн мына байланыс телефондары арқылы 8 710 37 2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» извещает список не сыгранных лотов в предыдущем конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 12 октября 2023 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4, здание акимата района, малый актовый зал.

№	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь	Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
					Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	Земли запаса лот №42	Для животноводства	3604,2280	15 жыл			3600,00	4,2280	6	Необеспечен	
2	Земли запаса лот №43	Для животноводства	3063,7150	15 жыл			3061,00	1,50	5	Необеспечен	
3	Айыртаский сельский округ лот №82	Для животноводства	3000,0	15 жыл			2988,300	11,7861	8	Необеспечен	
4	Земли запаса лот №86	Для животноводства	2000	15 жыл			1999,4000	0,6000	6	Необеспечен	
5	Карабулакский сельский округ лот №89	Для животноводства	1139,6219	15 жыл			1137,4210	0,0009	7	Необеспечен	
6	Абайский сельский округ лот №90	Для животноводства	2300,0100	15 жыл			2292,7000	0,0100	8	Необеспечен	
7	Айыртаский сельский округ лот №92	Для животноводства	2100,0609	15 жыл			2094,2000	0,0609	9	Необеспечен	
8	Земли запаса лот №100	Для животноводства	2000,0200	15 жыл			1976,3000	0,0200	6	Необеспечен	
9	Айыртаский сельский округ лот №70	Для животноводства	2000,6743	15 жыл			1992,2000	0,0100	9	Необеспечен	
10	Земли запаса лот №75	Для животноводства	2000,0100	15 жыл			1998,3000	0,0100	7	Необеспечен	

**ПРИМЕЧАНИЕ**

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурс; 2) Конкурсные предложение.

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в

соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 28 сентября 2023 года до 11 октября 2023 года.

Извещению землеустроительных схем сельхозугодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района» Контактные телефоны: 8 (71037) 2-12-92; 2-13-83.



**Құлпейісов Аманжол**



Ақтоғай ауылының ардақты азаматы, ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған **Құлпейісов Аманжол** 78 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Құлпейісов Аманжол 1945 жылы Қызыларай ауылдық кеңесінде дүниеге келген. №2 Қызыларай орта мектебін 1963 жылы бітірген соң кеңшарда комсомолдық жолдамамен гараж есепшісі, бөлімше механигі болып еңбек еткен. 1965-1970 жылдар аралығында Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының «ауыл шаруашылық процестерін механикаландыру» факультетіне оқуға түсіп, «инженер-механик» мамандығын алған.

1970 жылы Ақтоғай ауданы орталығындағы ауыл шаруашылығы басқармасына аға инженер-инспектор, 1973-1981 жылдар аралығында Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас инженер, ауданнан алғаш ашылған №5 автоколонна бастығы болып 1997 жылға дейін 16 жыл мекемеде директор болды. 1997 жылы мекеме жекешеленіп, тарауына байланысты 2001 жылдан 2008 жылға дейін «Энергия» мекемесінде өнім жинау және сату бөлімінің бастығы, 2008 жылы зейнеткерлікке шыққан.


Еңбек еткен уақыттарда бірнеше рет аудандық, облыстық Құрмет грамоталарымен, мерекелік сыйлықтармен марапатталған. Аудандық кеңеске депутат, сегіз жыл аудандық сотта алқаби құрамында болып, қоғамдық жұмыстар атқарған.

«Еңбек ардагері» медалінің (1989 ж.) иегері, «Алаш» ұстанымдары мен ұлттық құндылықтарды жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін мерекелік медальдармен марапатталған.

Аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып, саналы ғұмырын халыққа қызмет көрсетуге арнаған Құлпейісов Аманжол ағамыздың есімі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл білдіреміз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

**Р.Кенжебеков, Р.Әбеуов, С.Мұратұлы, С.Амралин, А.Аманжолов, Б.Әмірғасым, Қ.Болғанбаев, С.Сыздықов, Ә.Қапасов, Ш.Естеков.**

**Еске алу**




Әріптесіміз әрі сырласымыз болған **Жазира Зиядақызын** бүгінде сағынышпен еске алып отырмыз. Қатал уақытқа көнеміз ғой.

Әр жылда 12-қыркүйек күні сенің өмірге келген күніңді тойлап, ақ тілектер айтушы едік. Бүгінде арамызда сен жоқсың. Ол күндер сағыныштан сағымға айналды. Арамыздан кеткеніне 1 жылдың жүзі болды. Орның ойсырап, ортамыз ортайып-ақ қалғаны-ай. Алла саған сондай сабырлы мінез берген еді. Ұзақ жылдар қызметтес болғанда, ешқашан ренжісіп көрмедік. Сенің жымып қана отыратын жайдары мінезіңмен, іскерлігіңмен сыйлы, өз мамандығыңның шебері болдың. Саған деген сағынышымызды сөзбен айтып жеткізе алар емеспіз, Жазкен. Есен мен ұрпақтарына Алла ұзақ ғұмыр берсін. Жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын.

Нұрлы бейнең есте қалар мәңгілік, Дауысың да түр құлақта жаңғырып. Арамызда жоқтығыңды білсек те, Келетіндей арман менен сан үміт.

**Сағына еске алушылар: сырлас әріптестері – Айтжан, Гүлдана.**

**Еске алу**



Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылының тумасы, асыл жар, асқар тау өке, ардақты ата **Құлпейісұлы Аманжол (Алпысбай)** 15 тамыз 2023 жылы 78 жасында өмірден өтті.

Ардақты әкенің, қамқор ағаның, үлкен отбасымыздың қадірлі отағасының бұдан былай жанымызда жоқтығы қабырғамызға қатты батуда. Тағдырдың жазуына не шара?

Аманжол (Алпысбай) Алматы қаласынан жоғары білім алып келгеннен бастап (1970 жылдан) аудан орталығында ауыл шаруашылығы басқармасында аға инженер, алғаш ашылған №5 автоколонна мекемесінің директоры, ол мекеме тараған соң «Энергия» мекемесінде бөлім бастығы болып, 2007 жылға дейін 50 жылдан аса еңбек етіп, 2008 жылы зейнеткерлікке шықты.

Қызмет жасаған уақыттарда еңбегі жоғары орындардан бағаланып отырылды, жауапты қоғамдық жұмыстар атқарды. Еңбек ардагері. Халық арасында, жұмыс жасаған ұжымдарында беделді, көпшіл, орынды қалжың айта білетін, білімділігімен үлкен-кішілі азаматтар арасында құрметке лайық, сыйлы, туысқа жанашыр, достыққа адал жан еді.

Асыл өке мейірімін көрген ұрпақтар барда бейнесі ұмытылмақ емес. Артта қалған отбасына Алла тағала баянды ғұмыр берсін!

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Жақсылығын ел айтады жарысып. Жан едің мейірімді, кешірімді, Дұғадан қалдырмаймыз есіміңді.

**Еске алушылар: жұбайы – Торғай, балалары, немере-шөберелері, бауырлары, балдыздары.**

**Хабарландыру**

Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті, мекен-жайы: Қарағанды к., Костенко к-сі, 6 үй, (тел.: 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы өңірлерінде "Қазэнергоцентр" ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтерінің шекті бағасын арттыру туралы ақпаратты қарау бойынша Жария тындаулар өткізеді.

Қоғамдық тындаулар мына мекен-жайлар бойынша өтеді:

№	Күні	Уақыты	Орны
1	19 қыркүйек 2023 ж.	сағ. 12.00.	Мәдени бос уақыт өткізу орталығы, Ақтоғай селосы, Бөкейхан көшесі, 2 үй.

Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20. "Қазэнергоцентр" ЖШС байланыс телефоны: 8 (7212) 25 82 15. Тындауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

«Қазэнергоцентр» ЖШС.

**Объявление**

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел.: 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению информации о повышении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии ТОО «Казэнергоцентр» в Ақтоғайском районе Карагандинской области.

В соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденных приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36. Публичные слушания состоятся по адресу:

№	Дата	Время	Место
1	19 сентября 2023 г.	12.00 часов	Ақтоғайский культурно-досуговый центр с.Ақтоғай, ул.Бөкейхана, дом 2.

А так же в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20. Контактные телефоны ТОО «Казэнергоцентр»: 8 (7212) 25 82 15. На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

АБ ТОО «Казэнергоцентр».

**Еске алу**



Бірге қызмет жасап жүрген әріптесіміз **Әдибекова Жазира Зиядақызының** арамыздан кеткеніне де бір жыл болды. Тірі болса, осы қыркүйектің 12-де туған күні, 53 жасқа келер еді. Арқа-жарқа болып туған күнінде тілек айтып отыратын едік, сұм ажал ортамыздан ерте алып кетті. Көретін қызық-қуаныштары алда еді, амал қанша, оны да көре алмады. Енді тек қана қол жайып, жаратқанға жалбарынып, рухына дұға бағыштаймыз.

Асыл жан, шаңырағыңа пана болдың, Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Амал не, жоқсың бүгін ортамызда, Сағындық сені баршамыз да. Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы, Сағынышпен ұжымың еске алады. Өзіңмен өткен күндер жадымызда мәңгі сақталады.

**Еске алушылар: білім бөлімінің ұжымы.**

**Жарамсыз деп танылсын**

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Азамат» шаруа қожалығының жетекшісі Азамат Оралтайұлы ЖСН 900717351427 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА00848416, шыққан жылы 2010 ж. қасалық аппараты жарамсыз деп танылсын.





5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі. Бұған дейін 22 қыркүйекте атап өтілетін мереке, 2017 жылғы Үкімет басшысы

Бақытжан Сағынтаев «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысымен 5 қыркүйекке ауыстырған болатын. Атаулы датаның өзгеру себебі – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына

сұрақ» айдарымен сала мамандарымен кездесу өткізді. Ана тіліміздің мерейін өсіріп, мәртебесін арттыратын тағылымды шаралар легі мектеп ұстаздарының ұйытқы болуымен ұлттық спорттық шараларға ұласты.

Сонымен қатар, онкүндік іс-шара жоспары негізінде 4-сынып оқушыларының арасында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ана тілім – ардағым» интеллектуалды ойыны жас жеткіншектердің тапқырлығын ұштады.

Мақсат – оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін

## Ана тілім – ардағым



да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты.

Бүгінде барша қазақстандық қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тілдер мерекесін тойлайды. Осынау айтуы мерекеге орай аудан басындағы К.Байсейітова атындағы тірек мектебінде апталық өткізілді.

Апталық барысында аталған мектеп мұғалімдері Б.Ынтықбаева, А.Бражанова «Мамандық таңдау-маңызды іс» тақырыбында тренинг, «Мұзтаудың мұз-балағы» атты жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына арналған мектепшілік кітапқұмарлар фестивалі өтті. Сондай-ақ, Г.Сарсенбекованың ұйымдастыруымен 10-сынып оқушылары «Маманға 100

біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға үйрету. Тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.

Ойын барысында оқушылар «Алғырлар» және «Тапқырлар» атты екі топқа бөлініп, сайысты. Жалпы сайыс «Бәйге», «Мақал – сөздің мәйегі», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашу», «Жаңылтпаш жаттап, айтамыз тақ-тақ» және «Суреттер арқылы заттарды орыс тілінен қазақ тіліне аудару» сынды бөлімдерден тұрды. Сайыс қорытындысы бойынша I орын 4 «а» сынып оқушылары «Тапқырлар» тобына бұйырды. II орын алған 4 «б» сынып оқушылары «Алғырлар» тобы марапатталды.

Өз тілшімізден.

### \*Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

«Қазір саламатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту айрықша маңызды. Әсіресе, балалардың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Мұның бәрі халықтың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді».

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.**

Таяуда аудан орталығында аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен шағын футболдан оқушылар арасында ауылдық біріншілік болып өтті. Салауатты өмір салтын қалыптастыратын сайыстың мақсаты – жасөспірімдерді достық пен ұйымшылдыққа және тәртіпке шақыру, сондай-ақ спорттық шеберліктерін шыңдау болып табылады.

Шараны аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов құттықтау сөзімен ашып, спортшыларға сәттілік тіледі. – Мемлекет басшысы халыққа арнаған кезекті бір Жолдауында бұқаралық спортқа, оның ішінде жасөспірімдер спортына көп көңіл бөлу керек екенін айтты. Болашақта ауданымыздың, еліміздің атын әлемге әйгілі ететіндер де дәл осы жастар. Ауданымыз

## Аяқ доп бәсекесі



аймақтағы дене шынықтыру мен спортты дамытуда алдыңғы қатарда келеді. Дегенмен, алдағы уақытта халықты сауықтыруға және сау, бәсекеге қабілетті ұлт тәрбиелеуге бағытталған көптеген жоспарлар мен жобаларды жүзеге асыру міндеттері тұр, – деді А.Аманжолов.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Ә.Бөкейхан мектебі командасы жеңіп алды. II орынды К.Байсейітова командасы иеленсе, III орын Спорт мектебі командасына бұйырды. Аяқ доп бәсекесінде әдемі ойын өрнегін көрсеткен үздіктер марапатталып, кубок, диплом және сыйлықтар табысталды.

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі.

### Құттықтаймыз!





Ардақты әже, аяулы ана **Бауымбекова Оралтайды** 70 жасқа келген мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасында алтын көпірдей қадірлі болып жүре беріңіз. Біздерге бақытты өмір сыйлап, биік шыңдарға

канат қақтырған асыл анамызға ең алдымен зор денсаулық, қажырлы қайрат, күш-қуат тілейміз. Анамыздың аялы алақаны, мейірімді жүзінен шуақ кетпей, айналасын шадыман шаттыққа бөлей беруге нәсіп етсін!

Көктемнің күлімдеген күні болшы,  
Өмірдің шешек атқан гүлі болшы.  
Қуанышты, көңілді өмір сүріп,  
Өмірде ең бақытты жандардың бірі болшы.

**Ақ тілекпен: құдағиыңыз – Рымгүл,  
балаларыңыз – Нұрсұлтан-Гүлім,  
немерелеріңіз – Аңсар, Инжу, Асылым, Алдияр.**

### Құттықтаймыз!



**Құрметті бауырларымыз Мағзұм Назымбекұлы мен Төлұбай Қазкенұлы!**

Сіздерді асқар таудай 60 жасқа келген айтулы қуаныштарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Алпыс жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, кейінгі толқын інілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кенейіп, өркені өскен беделді кезең. Мерейлі жасқа келген қадірлі бауырларымызға дендеріне саулық, отбастарына амандық, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Қосақтарымен қоса ағарып, бала-шаға, немерелер қызығына тоймай, ағайын-туыс, құда-жекжат, әріптестер құрметіне бөлең беріңіздер деген тілегімізді жолдаймыз.

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұнған,  
Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан.  
Баянды өмір жетелеп биіктерге,  
Көңілдеріңіз шаттансын қуаныштан!

**Игі тілекпен: апа-жездесі – Нұрлан-Назигүл, бауыры – Берік-Зәуре, қарындас-күйебалалары – Сағат-Бақытгүл, Сәкен-Саягүл.**

### Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

kz/

**Жаңалықтан құр қалмаңыз!**



**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 900 дана



**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81,**

**тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

